

XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

Жоспар

1. XVIII ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдай
2. Осы кезеңдегі әдеби тілдің жай-күйін танытатын тілдік нұсқалар
3. Ақындар мектебінің пайда болуы
4. Әдеби тілдің лексикалық сипаты
5. Әдеби тілдің грамматикалық сипаты
6. Поэзия тіліндегі әдеби-көркемдеуіш тәсілдер

◉ *Дәрістің мақсаты:*

XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тіліне жалпы сипаттама беру;

Дәрістің міндеті:

Осы кезеңнің әдеби тілін танытатын тілдік деректерге талдау жасау; Жыраулық, ақындық дәстүрдегі сөз саптау тәсілдерін ажырата көрсету; Ресми қағаздар стилін танытатын материалдар тілімен таныстыру.

ОСЫ ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИ ТІЛДІ ТАНЫТАТЫН НҰСҚАЛАР

- 1) жыраулар шығармашылығы (Шал, Көтеш, Досқожа, Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұхар т.б.);
- 2) осы кезде жырланған ауыз әдебиетінің нұсқалары;
- 3) ресми іс қағаздар,
- 4) орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектерінде кездесетін қазақ сөздері;
- 5) қазақ тілін үйретуге арналған сөздік тәжірибелер.

БҰҚАР ЖЫРАУ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІЛІК:

- 1) көпшілікке үлгі өсиет айту үшін баршаға бірдей танымал табиғат суреттерін, құбылыстарын адам бойында болатын мінез-құлық, іс-әрекеттермен шендестіре беру, ол үшін параллелизмдерді қолдану;
- 2) ауыз әдебиетіне тән кәнігі теңеулерді қолдану (әбжыландай, ерттеп қойған құр ат, ағып жатқан бұлақ т.б.);
- 3) дәстүрлі жіктік жалғаулары арқылы (Мен өгіз терісі талыспын), бір нәрсені екінші затқа балау арқылы (Тоқсан бес деген тор екен) жасалынған теңеулер;

- 4) тұрақты есім сөздер мен –ған жұрнақты есімшелерден тұратын эпитеттер (үшкілсіз көйлек, бес уақытылы намаз, толғамалы қамшы, сегіз қиыр шартарап, желкілдеген ту, жер қайысқан қол);
- 5) –ар жұрнақты эпитеттер (құландар ойнар қу тақыр, тоқымы кеппес ұры);
- 6) толғаулары дәстүрлі жыр-толғауға тән 7-8 буынды, ұйқас суреті қатаң сақталмайды,

- 7) толғаудың өн бойында белгілі бір сөздердің, тіркестердің қайталанып отыруы;
- 8) өсиет толғаулаларында констатацияны (нақты іс әрекеттен гөрі болуы, үнемі қайталанып тұруы заңды әрекетті, құбылысты білдіру, баяндау, көбіне мақал-мәтелдерге тән) білдіретін – ар тұлғасының қолданылуы. Оның орнына емей немене? - мас па? сұраулық формасы да пайдаланылады.

БҰҚАР ЖЫРАУ ӨЗІНЕ ДЕЙІНГІ ЖЫРАУЛЫҚ ҮРДІСТІ
ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ҒАНА ЕМЕС, ОНЫ ІЛГЕРІ ДАМЫТЫП,
ЖЫРАУЛАР МЕКТЕБІН ТІЛ ЖАҒЫНАН ДА ЖИНАҚТАП,
ТҮЙІНДЕУШІ

- Оның көтерген тақырыптары да әлдеқайда кең, жан-жақты. Тақырыптың осындай кеңдігі Бұқар поэтикасына көптеген жаңалықтар (жаңа образ, жаңа лексикалық топтар) әкелген.
- *тұрымтайдай ұл,
өкпеңменен жарылма,
бұзау терісі
шөншіксің, бұтақты
мүйіз бұғысы,
саласында жайылған,
қара судың бетінде
сығылып аққан сең
едің, арпалап атты
қунатқан, алғын-
шығын арқалау*

БҰҚАР ТІЛІНІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

- азаткер, құл, күң, бай, саудагер, дау, жиын, ақсүйек, бек, қожа, пір, батыр, ханзада, қарашы т. б. сөздері тура мағынасында қолданылады.
- Мұсылманша сауатты болған Бұхардың тілінде араб-парсы сөздері көп ұшырасады: кітап, енжіл, кәләм, ақ (хақ), хат, меһман, баһар, иман, лауқы, дәуіт, қалам т.б.

АҚЫНДАР МЕКТЕБІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ

◎ *Нақтылық:*

1. Тұрмыстық лексиканы, табиғат құбылыстарына байланысты лексиканы тура мағынасында қолдану
2. Нақты адам аттарын, жер-су атауларын қолдану
3. Адамның сезім күйлерін, іс-әрекетін, тұрмысын сипаттайтын сөздерді қолдану


◎ *Күрделілік*

1. Өлең құрылымының күрделенуі
2. Өлең тармақтарында сөздердің көбеюі

◎ *Еркіндік, жекелік*

1. Стандарттылық азаяды
2. Еркін тақырыптағы сөздер
3. Авторлық индивидуалды метафора, эпитет, фразеологизмдер

ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ



ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ

Сөздер	XVIII ғасыр әдеби тілінде	Қазіргі әдеби тілде
Азамат – шора – ұлан (оғлан)	Азамат – Жауынгер, батыр (Азаматтар, шоралар, атты мінсең, зорды мін. Азаматым барында алысқалы келгенмін) Шора – бидің, байдың ұлы Ұғлан (оғлан) – кәмелетке жете қоймаған ұл бала	Азамат «кәмелетке жеткен ер адам», «құрметті, адамгершілігі мол адам» Ұл –”ер бала” Ұлан – «жеткіншек”
Жұрт	«Көшкен ауылдың орны» (Есі бүтін табады көшкен жұртты)	«ел, халық»
Қыз, әйел	Алғыншы – ару – сұлу - қатын	“Қыз, әйел, жар”
Қарашы – қоңсы	Қарашы – «ханның кеңесшісі» - «ханның бағыныштысы» қоңсы – қол астындағы адам	Көрші Қоңсы
Жарлы –кедей - байғұс	Бір мағынада	Түрлі мағынада
Ағайын – қарындас – аталас	Бір мағынада	Түрлі мағынада

ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

- Қазіргі тілдік нормамен бірдей
- Алдыңғы кезеңдердегі ноғайлық *бізім, менім, жаталар, тосатып* тәрізді варианттар, шығыс септіктің *–дын*, өткен шақтың *–ғай* нұсқалары жоқ
- Варианттылық ұшырасады: *-арға* және *–уға*, *-дай* және *–дайын*, *-ғын/ғыл* және *–ңыз* (бармағын/бармағыл/бармаңыз)
- Дерексіз есім тудырушы *–лық* жұрнағы активтенеді және сындық мағына тудыра бастайды
- Есім тудырушы *–у* жұрнағы активтенеді
- *-дүр* мен қатар *–ды* формасы активтенеді (*Айтар сөзім осы-дүр. Найза келсе қалаң-ды, Суық келсе панан-ды*)

ӘДЕБИ-КӨРКЕМДЕУІШ ТӘСІЛДЕР

- Психологиялық параллельдер кемиді, нақты мағынадағы сөздер алынады;
- Метафораның мазмұны өзгереді;
- Синкреттік тәсілдің алғашқы үлгілері пайда бола бастайды;
- Дерексіз заттарға қарата айту үрдіске ене бастады;

РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАР ТІЛІ

- Стыльдік белгілері: а) *ғизатлу, хурматлу, мархабатлу, сағадатлу, бийук мархабатлу, гинайатлу, кудратлу, шафағатлу* тәрізді тұрақты эпитеттер қолданылады; ә) ортаазиялық түркі әдеби тілі, татар, көне ұйғыр тілінің элементтері бар: *хайран олдым, кіріфтар олынмыш, йазған ердім, ошбу, кібік* т.б.
- Лексикалық сипаты: а) терминделген сөздер – *харакат* (поведение, поступки), *саудагер* (купец), *мал* (товар), *шабуыл* (набеги), *сахара халқы* (степной народ), *махкама* (учреждение), *тұтқын, аманат, астрахат* (спокойство); ә) амал-әрекетті білдіретін сын е., үстеу – *ат”ақ* (единодушно), *айан дүр* (известно), *бәңе асыл болынды* (мною получены), *махзун қылдыңыз* (огорчили меня), *гадаулік қылмақ* (действовать враждебно)
- Орыс сөздері: жанарал, кауалер, гүбірнатір, палкауник, грап, пристап т.б.

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

- Р.Сыздықова. Қазақ әдебиет тілінің тарихы, А, Ана тілі, 1993.
- Қ.Өмірәлиев, ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі, А, Ғылым, 1976.
- М.Мағауин. Қобыз сарыны.
- Қ.Жұмалиев, Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі, Қаз.мем.көр.эд.баспасы, А, 1960.
- Б.І.Нұрдәулетова, ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшелігі, А: Үшқиян, 2003

ӨЗ БІЛІМІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

- ХҮІІІ ғасырдағы қазақ жеріндегі әлеуметтік жағдай қандай болды?
- 2. ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің көрінісін сипаттайтын әдеби мұралар қандай?
- 3. Бұқар жырау тілінің қандай грамматикалық ерекшелігін білесіз?
- 4. Жыраулық дәстүр мен ақындық мектептің қандай айырмашылығы бар?
- 5. Ақындар мектебінің күшеюінің қазақ әдеби тіліне қаншалықты әсері болды?
- 6. ХҮІІІ ғ. жыраулар тілінде жауынгерлікке байланысты қандай лексика бар?
- 7. ХҮІІІ ғ. жыраулар поэзиясына тән қандай көркемдегіш тәсілдер бар?

СОӘЖ

- Бұхар жырау шығармаларының текстологиясы
- XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың 1 жартысындағы ресми қағаздардың тілі

СӨЖ

- Қазақ әдеби тілінің тарихы хрестоматиясы бойынша ХҮІІІ ғ. жыраулар тіліндегі қайталауларды теріп жазып, талдау жасау.
Кітап: Қазақ әдеби тілінің тарихы.
Хрестоматия. А., 2000. - 93-107 бб;
- Жыраулар тіліндегі араб-парсы сөздерін теріп жазып, қолданылу уәжіне түсінік беру;
- Бұхар жырау өлеңдерінің текстологиясы туралы Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, С.Исаев еңбектерін пайдаланып реферат жазу.